

Медициналық бұйымды медицинада қолдану жөніндегі нұсқаулық

Медициналық бұйымның атауы

ОКУТИАРЗ® АЛО+, көзге тамызатын дәрі, 10 мл

Медициналық бұйымның құрамы мен сипаттамасы

ОКУТИАРЗ® АЛО+ - құрамында консерванттар жоқ ылғалдандыратын стерильді офтальмологиялық ерітінді. Тамшылардың құрамына айқаспалы - байланысқан натрий гиалуронаты (0,2%) және Алоэ Вера (0,1%) кіреді, олардың әсері «кұрғақ көз» белгілерін, көздің жайсыздығын жоюға, сондай-ақ мөлдір қабықты қорғауға бағытталған.

Құрамы: айқаспалы - байланысқан натрий гиалуронаты 0,2%, Алоэ Вера гелінің ұнтағы 0,1%, динатрий тетрабораты декагидраты, бор қышқылы, натрий хлориді, инъекцияға арналған су.

Дәрілік зат болып табылмайды.

Осыған сәйкес медициналық бұйым өндірілген нормативтік құжаттың атауы (белгіленуі):

Өндірушінің техникалық құжаттамасына сәйкес

Қолданылу саласы

Офтальмология

МБ пайдаланушысы: жеке тұлға

Медициналық бұйымның тағайындалуы

ОКУТИАРЗ® АЛО+ қоршаған ортаның немесе дәрілік препараттардың әсерінен туындаған «кұрғақ көз», тітіркену мен қызарудың белгілерін жою үшін.

Көзді ылғалдандыру және жайлылық үшін жанаспалы линзаларды киген кезде де қолданылуы мүмкін.

ОКУТИАРЗ® АЛО+ кезінде және одан кейін пайдалы:

- күн сәулесінің ұзақ әсер етуі
- ауаны кондиционирлеу әсері
- сандық экранды ұзақ көру

ОКУТИАРЗ® АЛО+ көзге хирургиялық операциядан кейін жайсыздықты жеңілдетуге де көмектеседі.

Егер белгілер сақталса, дәрігермен немесе фармацевтпен кеңесіңіз.

Айқаспалы - байланысқан натрий гиалуронаты ерітіндіге жоғары

тұтқырлық береді, бұл көз беткейінің жоғары ылғалдануын, сондай-ақ «құрғақ көз» белгілерін ұзақ мерзімді жеңілдетуді қамтамасыз етеді.

Алоэ Вера ылғалдандыратын, іркілуге қарсы және майлау қасиеттеріне байланысты ерітіндіге жоғары ылғалдандыру қабілетін береді, көздің жайлылығын жақсартады және балғындық сезімін арттырады. Сондай-ақ, оның айқын және ұзақ қорғаныс әсері арқасында Алоэ Вераның тиімділігі көздің қызаруы немесе сезімталдығы үшін расталды.

Қолдану тәсілі

Көзге тамызу үшін. Жұтуға болмайды.

Ұсынылатын дозалау режимі дәрігердің немесе фармацевттің ұсыныстарына сәйкес күніне бір немесе бірнеше рет әрбір көзге 1-2 тамшыдан.

Құтыны ашпас бұрын, қолыңызды жуыңыз және пайдалану кезінде гигиена ережелерін сақтаңыз.

Құты ұштығының көз беткейімен жанасуына жол бермеңіз.

Қолдану жөніндегі нұсқаулық:

1. Құтыны бірінші рет пайдаланған кезде, бақылау-таспаны тартып, толығымен алып тастаңыз.
2. Құтыны ақырын сығып, көзге 1 тамшы тамызыңыз.
3. Пайдаланғаннан кейін құтыны мықтап жабыңыз.



Медициналық бұйымды пайдалану кезіндегі сақтық (қауіпсіздік) шаралары мен шектеулер жөніндегі ақпарат:

Қолданар алдында пайдалану жөніндегі нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Бұл қосымша парақты сақтаңыз, оны қайтадан оқып шығу қажет болуы мүмкін.

Қосымша сұрақтар пайда болған жағдайда дәрігерге немесе фармацевтке жүгініңіз.

Қолдануға болмайтын жағдайлар:

Аллергиялық реакция пайда болған кезде немесе ОКУТИАРЗ® АЛО+ компоненттерінің кез келгеніне жоғары сезімталдық кезінде қолдануға болмайды.

Мөлдір қабықтың күрделі аурулары болған жағдайда, қолданар алдында дәрігермен немесе фармацевтпен кеңесіңіз.

Жағымсыз әсерлер

Басқа көзге тамызатын дәрілерді қолданғандағыдай, өнімді инстиляциялаумен байланысты әлсіз уақытша жайсыздық пайда болуы мүмкін.

ҚАНДАЙ ДА БІР ЖАҒЫМСЫЗ ӘСЕРЛЕР ПАЙДА БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА, ОЛАР ТУРАЛЫ ДӘРІГЕРГЕ НЕМЕСЕ ФАРМАЦЕВТКЕ ХАБАРЛАҢЫЗ.

Сақтау шарттары

25°C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Мұздатып қатыруға болмайды.

Жылудың, тікелей күн сәулесінің және ылғалдың әсерінен қорғау керек.

Егер қаптама зақымдалған болса, қолданбау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек.

Жарамдылық мерзімі: 36 ай.

Құтыны алғаш ашқаннан кейін 90 күннің ішінде қолданыңыз.

Қаптамада көрсетілген жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Шығарылу түрі: Көлемі 10 мл 1 құты қолдану жөніндегі нұсқаулықпен бірге картон қаптамада.

Өндіруші

OFFHEALTH S.P.A., Via Giovanni Paisiello 10, 50144 Firenze (FI), Италия

Тел: +39 055 016 17 71

Электронды пошта: info@offhealth.it

Өндірістік алаң

C.O.C. FARMACEUTICI S.R.L., Via Modena 15, 40019 Sant'Agata Bolognese (BO), Италия

Тел: +39 (051) 6 82 98 1

Факс: +39 (051) 95 68 38

Электронды пошта: coc@coc.it

Өндірушінің Қазақстан Республикасы аумағындағы уәкілетті өкілі:
Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан медициналық

бұйым жөніндегі шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және медициналық бұйымның тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйым:

«Сантен» АҚ Қазақстан Республикасындағы өкілдігі


Чаплин к-сі 71/66, 050019, Алматы, Қазақстан

Тел.: 250-39-17

Электронды поштасы: santen.kaz@santen.com

Медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтың соңғы қайта қаралуы туралы деректер
XX.XX.202X

Таңбалау кезінде пайдаланылған символдар мен белгілердің түсіндірмесі

Символы											
Түсіндірмесі	Өндіруші	Температуралық ауқымның жоғарғы шегі	Асептикалық өңдеу әдістерін қолдана отырып стерилизациялау	Партия коды	Өндірілген күні	... дейін пайдалану керек	Қолдану жөніндегі нұсқаулықты оқыңыз	Жылу мен тікелей күн сәулесінің әсерінен қорғау керек	Ылғалдан қорғау керек	Қаптама бүлінген кезде пайдалануға болмайды	Бұйымның директиваларда негізгі талаптар және Еуропалық Одақтың Үйлестірілген стандарттарына сәйкестік белгісін сандар белгіні уәкілетті орган сәйкестендіруі білдіреді